

23. Çoruhlu, Y. *Eski Türklerin kutsal mezarları: Kurganlar (Orta ve İç Asya'nın erken devir Türk mezar mimarisi üzerine bir deneme)*. – İstanbul: Ötüken Neşriyat, 2016. – 342 c. [Holy Tombs of Old Turks: Kurgans (An Essay on Early Period Turkish Tomb Architecture of Central and Inner Asia)] [Turkish]

24. Hey'et, C. *Türklerin tarih ve kültürüne bir Bakış*. – Ankara: T.C. Kültür Bakanlığı Yayınları, 1996. – 256 c. [A View on the History and Culture of Turks] [Turkish]

25. Türkdoğan, O. *Türk Tarihinin Sosyolojisi*. – Ankara: Hasret Yayınları, 1979. – № 2. – 312 c. [The Sociology of Turkish History] [Turkish]

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.01.07

ӨӨЖ/УДК/ UDC: 94/93

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.019>

Ботхолдин¹ Қ.С., Әзімхан Б.Ү. ²

¹Алматы технологиялық университеті, сеньор-лектор, Алматы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Ksb56@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0001-9796-7610>

²Алматы технологиялық университеті, философия докторы PhD, сеньор-лектор,
Алматы, Қазақстан Республикасы
e-mail: Malikov_bakytjan@mail.ru

<https://orcid.org/0009-0008-8669-6913>

КІШІ ЖҮЗДЕГІ СҰЛТАН-БАСҚАРУШЫЛАР ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТІ (1824-1869)

Аннотация

Мақалада 1824-1869 жылдар аралығында Кіші жүз аумағында қалыптасқан сұлтан-басқарушылар институтының пайда болу алғышарттары, құқықтық негіздері және қызметтік ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Зерттеу Ресей империясының отарлық басқару жүйесін енгізу үдерісіндегі хандық биліктің жойылуы мен оның орнына енгізілген жаңа әкімшілік құрылымдардың мәнін ашуға бағытталған. Сондай-ақ зерттеуде Ресей империясының отарлық басқару саясаты жағдайында қазақ сұлтандарына әскери шендердің берілу тәртібі, олардың сатылы түрде өсуі, мұрагерлік сипат алуы және империялық дворяндық құрамға ену үдерісі архивтік деректер негізінде қарастырылады. Автор Кіші жүздегі әкімшілік-территориялық бөліністің жүзеге асырылуын, сұлтан-басқарушылардың әлеуметтік мәртебесін, материалдық қамтамасыз етілуін, әскери атақтары мен билік символдарының маңызын архивтік деректер негізінде талдайды. Сонымен қатар, сұлтан-басқарушылардың әкімшілік, сот және саяси қызметі, олардың Орынбор әкімшілігімен өзара байланысы мен патша үкіметінің тапсырмаларын орындаудағы рөлі айқындалады. Зерттеу нәтижесінде сұлтан-басқарушылар институтының қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік жүйесінің трансформациясына, әлеуметтік жіктелуге және халық пен билік арасындағы қатынастардың өзгеруіне елеулі ықпал еткені тұжырымдалады. Мақала Қазақстанның XIX ғасырдағы отарлық кезең тарихын зерттеуге және сұлтан-басқарушылар институтына қатысты архивтік материалдарды ғылыми айналымға енгізуге үлес қосады.

Кілт сөздер: Кіші жүз, сұлтан-басқарушылар институты, Ресей империясы, жарғы, хандық билік, әкімшілік-аумақтық басқару, шекаралық комиссия, билік символдары.

Ботхолдин^{ID}*¹ Қ.С., Әзімхан Б.Ұ. ^{ID}²

¹Алматинский технологический университет, сеньор-лектор, Алматы, Республика Казахстан
e-mail: Ksb56@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0001-9796-7610>

²Алматинский технологический университет, доктор философии (PhD), сеньор-лектор,
Алматы, Республика Казахстан
e-mail: Malikov_bakytjan@mail.ru
<https://orcid.org/0009-0008-8669-6913>

ФОРМИРОВАНИЕ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ИНСТИТУТА СУЛТАНОВ-ПРАВИТЕЛЕЙ В МЛАДШЕМ ЖУЗЕ (1824-1869)

Аннотация

В статье всесторонне рассматриваются предпосылки формирования, правовые основы и особенности функционирования института султанов-правителей, сложившегося на территории Младшего жуза в 1824-1869 гг. Исследование направлено на раскрытие сущности ликвидации ханской власти и внедрения новых административных структур в процессе установления колониальной системы управления Российской империи. Также в работе на основе архивных источников анализируется порядок присвоения казахским султанам воинских званий в условиях колониальной политики Российской империи, их поэтапный рост, наследственный характер и процесс включения в состав имперского дворянства. Автор исследует реализацию административно-территориального деления в Младшем жузе, социальный статус султанов-правителей, их материальное обеспечение, значение военных званий и символов власти. Кроме того, раскрываются административные, судебные и политические функции султанов-правителей, их взаимодействие с Оренбургской администрацией и роль в выполнении поручений царского правительства. В результате исследования делается вывод о том, что институт султанов-правителей оказал существенное влияние на трансформацию традиционной системы власти в казахском обществе, процессы социальной дифференциации и изменение взаимоотношений между властью и населением. Статья вносит вклад в изучение истории колониального периода Казахстана XIX века и в введение в научный оборот архивных материалов, касающихся института султанов-правителей.

Ключевые слова: Младший жуз, институт султанов-правителей, Российская империя, устав, ханская власть, административно-территориальное управление, Пограничная комиссия, символы власти.

Botholdin K.S. ^{ID}*¹, Azimkhan B.U. ^{ID}²

¹Almaty Technological University, Senior lecturer, Almaty, Republic of Kazakhstan
e-mail: Ksb56@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0001-9796-7610>

²Almaty Technological University, Doctor of Philosophy (PhD), Senior lecturer, Almaty,
Republic of Kazakhstan, e-mail: Malikov_bakytjan@mail.ru
<https://orcid.org/0009-0008-8669-6913>

THE FORMATION AND ACTIVITIES OF THE INSTITUTION OF SULTAN-RULERS IN THE JUNIOR ZHUZ (1824-1869)

Abstract

The article provides a comprehensive analysis of the prerequisites for the emergence, legal foundations, and functional characteristics of the institution of sultan-rulers established in the territory of the Junior Zhuz between 1824 and 1869. The study aims to reveal the essence of the abolition of

khanate authority and the introduction of new administrative structures within the process of implementing the colonial governance system of the Russian Empire. Based on archival sources, the research examines the procedures for awarding military ranks to Kazakh sultans under the colonial policy of the Russian Empire, their step-by-step promotion, the hereditary nature of ranks, and their incorporation into the imperial nobility. The author analyzes the implementation of administrative-territorial division in the Junior Zhuz, the social status of sultan-rulers, their material provision, as well as the significance of military ranks and symbols of authority. Furthermore, the administrative, judicial, and political functions of sultan-rulers, their interaction with the Orenburg administration, and their role in carrying out assignments of the tsarist government are identified. The study concludes that the institution of sultan-rulers had a significant impact on the transformation of the traditional power system in Kazakh society, processes of social stratification, and changes in relations between authorities and the population. The article contributes to the study of the nineteenth-century colonial history of Kazakhstan and to the introduction of archival materials related to the institution of sultan-rulers into scholarly circulation.

Keywords: Junior zhuz, institution of sultan-rulers, Russian Empire, statute, khanate authority, administrative-territorial administration, Border commission, symbols of power.

Кіріспе. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Ресей империясының Қазақстан аумағына қатысты жүргізген әкімшілік-саяси реформалары дәстүрлі көшпелі басқару жүйесінің түбегейлі өзгеруіне алып келді. Әсіресе, Батыс Қазақстан аумағын қамтыған Кіші жүзде хандық биліктің жойылуы мен оның орнына жаңа басқару институттарының енгізілуі отарлық басқару саясатының айқын көрінісіне айналды. Осы өзгерістердің нәтижесінде 1824 жылдан бастап Кіші жүз аумағында сұлтан-басқарушылар институты қалыптасып, ол 1869 жылға дейін аймақтың саяси-әкімшілік өмірінде шешуші рөл атқарды.

Кіші жүздегі саяси ахуалдың күрделенуі, қазақ рулары арасындағы билік үшін тартыстар, хандық биліктің әлсіреуі патша үкіметіне жергілікті басқару жүйесін қайта құруға қолайлы жағдай туғызды. Осы сәтті тиімді пайдаланған Ресей империясы қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік иерархиясын трансформациялап, билікті өзіне тәуелді әлеуметтік топ – сұлтан-басқарушылар арқылы жүзеге асыруды көздеді. Нәтижесінде Шыңғыс хан әулетінің өкілдері империялық әкімшілік жүйенің құрамдас бөлігіне айналып, жергілікті басқарудың негізгі тірегіне айналды.

1824 жылы қабылданған «Орынбор қырғыздары туралы» Жарғы негізінде Кіші жүз аумағы әкімшілік-территориялық бөліктерге бөлініп, әр бөліктің басына сұлтан-басқарушылар тағайындалды. Олар әкімшілік, сот және саяси билікті қатар жүзеге асырып, Ресей империясының отарлық саясатын дала кеңістігінде жүргізуші негізгі агенттер қызметін атқарды. Осы кезеңде сұлтан-басқарушылардың қызметі, әлеуметтік мәртебесі, материалдық жағдайы мен билік символдары (ту, мөр, қылыш, мундир) нақты регламенттеліп, олардың империялық шенеуніктер қатарына қосылуы заңды түрде бекітілді.

Кіші жүздегі сұлтан-басқарушылар институтының қалыптасуы мен қызметін зерттеу XIX ғасырдағы Қазақстан тарихындағы отарлық басқару жүйесінің мәнін терең түсінуге мүмкіндік береді. Бұл институт бір жағынан дәстүрлі қазақ ақсүйектерінің билігін сақтап қалу формасы ретінде көрінсе, екінші жағынан Ресей империясының отарлық әкімшілік саясатын жүзеге асыру құралына айналды. Сондықтан сұлтан-басқарушылар институтын зерттеу – империялық билік пен жергілікті элитаның өзара ықпалдастығын, билік трансформациясының механизмдерін айқындауда маңызды.

Ғылыми әдебиеттерде Кіші жүздегі басқару реформалары, жекелеген сұлтандардың қызметі қарастырылғанымен, сұлтан-басқарушылар институты тұтас әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде әлі де толыққанды жүйелі зерттеуді қажет етеді. Әсіресе олардың әкімшілік функциялары, әлеуметтік мәртебесі, материалдық қамтамасыз етілуі, әскери атақтары мен империялық басқару құрылымындағы орны архивтік деректер негізінде терең талдауды талап

етеді. Сонымен қатар, сұлтан-басқарушылардың қызметі қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелу үдерісіне, халық пен билік арасындағы қатынастардың өзгеруіне, дәстүрлі басқару институттарының әлсіреуіне тікелей әсер етті. Бұл мәселені зерделеу арқылы XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы саяси тұрақсыздықтың, қарсылық қозғалыстарының және отарлық басқаруға деген қоғамдық көзқарастың себеп-салдарын айқындауға болады. Осы тұрғыдан алғанда, Кіші жүздегі сұлтан-басқарушылар институтының қалыптасуы мен қызметін 1824-1869 жылдар аралығында кешенді түрде зерттеу Қазақстанның отарлық кезеңдегі саяси тарихын жаңаша пайымдауға, архивтік деректерді ғылыми айналымға енгізуге және ұлттық тарихнаманы толықтыруға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Ғылыми мақалада тарихи танымның жалпығылыми және арнайы әдістері кешенді түрде қолданылды. Атап айтқанда, тарихи-жүйелілік және тарихи-салыстырмалы әдістер арқылы XVIII-XIX ғасырлардағы әкімшілік реформалардың мазмұны мен эволюциясы талданды. Тарихи-типологиялық әдіс сұлтан-басқарушылар институтының қалыптасу ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берсе, тарихи-антропологиялық және әлеуметтік тарих тәсілдері билік өкілдерінің әлеуметтік мәртебесі мен күнделікті қызметін зерделеуге негіз болды. Сонымен қатар, деректанулық талдау әдісі арқылы архив құжаттары, формулярлық тізімдер, шенеуніктердің хаттары мен естелік еңбектердің мазмұны мен деректік құндылығы анықталды. Зерттеуде пәнаралық әдіснама элементтері қолданылып, саяси тарих, құқық тарихы және әлеуметтік құрылым мәселелері өзара байланыста қарастырылды.

XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ даласындағы саяси-экономикалық өзгерістер мен Ресей империясының жүргізген әкімшілік реформалары мәселесі отандық және ресейлік тарихнамада кеңінен қарастырылған. Кіші жүздің империя құрамына қосылуы, орыс-қазақ қарым-қатынастары, хандық биліктің жойылуы мен 1824 жылғы әкімшілік реформаның жүзеге асырылуы сол дәуірдегі зерттеушілердің, жиһангездердің және патша үкіметі шенеуніктерінің еңбектерінде көрініс тапты.

Төңкеріске дейінгі кезеңдегі зерттеулер қатарында А.И. Левшин, И. Крафт, Е.К. Мейендорф, А.И. Добросмысловтың еңбектері айрықша орын алады. Аталған авторлар Ресей империясының қазақ даласындағы саясатының тікелей қатысушылары немесе сол үдерістерді бақылап, сараптаған зерттеушілер болды. Олардың еңбектері негізінен империялық көзқарас тұрғысынан жазылып, патша үкіметінің реформаларын заңды әрі өркениеттік сипатта көрсетуге ұмтылғанымен, нақты тарихи деректер мен әкімшілік тәжірибеге қатысты құнды мәліметтерді қамтиды.

Кеңестік кезеңдегі зерттеулерде Қазақ даласының Ресей империясы құрамына қосылуы, әкімшілік реформалардың себептері мен салдары, отаршылдық саясатқа қарсы қозғалыстар маркстік-лениндік методология негізінде талданды. Бұл бағытта М.П. Вяткин, Е. Бекмаханов, С.З. Зиманов, М.Г. Масевич еңбектері маңызды. Аталған авторлар реформалардың әлеуметтік-экономикалық мазмұнына, хандық биліктің әлсіреуіне және отарлық басқару жүйесінің қалыптасуына назар аударды. Е. Бекмаханов еңбектерінде қазақ сұлтандарының әскери және әлеуметтік мәртебесіне қатысты нақты деректер ұсынылса, С.З. Зиманов пен М.Г. Масевич әкімшілік-территориялық жүйе мен сұлтан-басқарушылардың қызметіне жан-жақты талдау жасайды.

Тәуелсіздік кезеңіндегі және қазіргі ресейлік зерттеулерде мәселе жаңаша, көпқырлы әдіснамалық тұрғыдан қарастырыла бастады. Р.Ю. Почекаев, Д.Н. Шилов, Ю.А. Кузьмин еңбектерінде Ресей империясының хандық билікті жою саясаты, Орынбор әкімшілігінің рөлі, шенеуніктер корпусының қызметі жаңа деректер негізінде бағаланады.

Отандық қазіргі тарихнамада сұлтан-басқарушылар институты, билік өкілдерінің қызметі, марапаттары мен билік символдары архивтік деректер негізінде кешенді түрде зерттелуде. Бұл бағытта Г.С. Сұлтанғалиева, И.В. Ерофеева, Е.А. Галимов, Т.Т. Далаева, Г.Б. Избасарова еңбектері ерекше маңызға ие. Аталған зерттеулерде формулярлық тізімдер, мөрлер, мундирлер

және ресми хаттар дереккөз ретінде кеңінен пайдаланылған. Осылайша, XVIII–XIX ғасырлардағы Кіші жүздегі әкімшілік реформалар мен саяси өзгерістер мәселесі тарихнамада кеңінен қамтылғанымен, сұлтан-басқарушылар институтын билік символдары, әлеуметтік мәртебе және жергілікті басқару тәжірибесі тұрғысынан кешенді түрде талдау әлі де өзекті болып табылады.

Зерттеудің деректік негізі ретінде Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің (ҚР ОМА) 4-қоры және өзге де қорларында сақталған ресми құжаттар құрайды. Атап айтқанда, сұлтан-басқарушылардың формулярлық тізімдері, қызметтік нұсқаулықтары, жалақы мен зейнетақыға қатысты мәліметтер, марапаттау және әскери атақ беру туралы құжаттар кеңінен пайдаланылды. Бұл ғылыми деректер мен әдістер сұлтан-басқарушылар институтын тұтас әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде қарастыруға, оның қызметіндегі өзгерістер мен эволюцияны анықтауға мүмкіндік берді.

1824-1869 жылдар аралығында Кіші жүз аумағында қалыптасқан сұлтан-басқарушылар институтының пайда болу алғышарттарын, оның қызметтік ерекшеліктерін және Ресей империясының отарлық басқару жүйесіндегі орнын кешенді түрде талдау болып табылады. Аталған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер айқындалды:

- XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі Кіші жүздегі саяси-әкімшілік жағдайды және хандық биліктің жойылу себептерін анықтау;
- «Орынбор қырғыздары туралы» 1824 жылғы Жарғының мазмұнын талдай отырып, сұлтан-басқарушылар институтының құқықтық негіздерін ашып көрсету;
- Кіші жүздегі сұлтан-басқарушылардың әкімшілік, сот және саяси қызметтерін жүйелеу;
- Сұлтан-басқарушылардың әлеуметтік мәртебесі, материалдық жағдайы, әскери атақтары мен билік символдарының мәнін айқындау;
- Сұлтан-басқарушылар институтының қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік жүйесіне және халық пен билік арасындағы қатынастарға ықпалын бағалау;
- Архивтік деректер негізінде жекелеген сұлтан-басқарушылардың қызметіне тарихи баға беру.

Нәтиже мен талқылау. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Қазақстанның батыс өңірінде орын алған әкімшілік-территориялық басқарудағы өзгерістер қоғамда жаңа басқару институтын қалыптастырды. Бұл сол кезеңде Кіші жүз аумағында орын алған күрделі жағдаймен байланысты еді. Жағдайдың күрделенуі қазақ рулары арасында билеуші сұлтандардың билікке деген таласынан туындап, көптеген қиындықтарға алып келді. Осы сәтте тиімді пайдаланған патша үкіметі қазақ даласындағы басқару институттарын қайта жасақтап, хандық биліктің орнына сұлтан-басқарушылар билігін қалыптастыруды көздеді. Бұл жүйенің қалыптасуында сөзсіз билік пен артықшылық – сұлтандарға берілді.

Патша үкіметінің XIX ғ. 20-жылдардағы жарғысы негізінде саяси билікпен айналысатын мемлекеттік билеушілердің тобы қазақ ақсүйектерінен құралды. Олар жергілікті билікті өз бақылауына алып, сұлтан-басқарушылардың әлеуметтік тобын құрады. Тарих ғылымдарының факторы И. Ерофеева Ресей империясының қазақ даласын басқаруға байланысты қалыптасқан үш буынды жүйені жіктеп көрсетеді. Олар:

Жоғарғы буын: Кіші жүз бен Орта жүзді басқарудың басты орталықтары Орынбор және Батыс-Сібір губернаторлығы;

Орта буын: Орынбор және Сібір әкімшілігінің шекаралық комиссиясының ішінде сұлтан-басқарушылар мен сұлтандар. Бұлар мемлекеттік аппараттың негізін құрады.

Төменгі буын: дистанция бастығы мен ауыл старшыны [1, 122-б.].

Қазақ қоғамындағы сұлтандар деп шыңғыс ұрпақтары саналатын көшпелі қоғамдағы «төрелер». Олар үлкен артықшылыққа ие бола отырып, қоғамда басқалардан жоғары тұрды.

1823 жылдан бастау алған бұл өзгерістің алғышарттары қалыптасып, талқыланып нақты бекітілуі 1824 жылмен сәйкес келді. Орынбор әкімшілігіне бағынатын Кіші жүз аумағындағы

1823 жылы Орынбор губернаторы Азиялық комитетке реформа жобасы бойынша талқылау жасауды ұсынады. Ол бойынша Кіші жүз аумағы Бөкей Ордасын қосқанда төртке бөлінеді: Батыс, Орта, Шығыс және Ішкі. Олардың әрқайсысы 3 деңгейлі басқару жүйесіне енгізіледі:

1) ауылды басқару;

2) руды басқару;

3) Рудан құралған барлық бөлікті басқару. Аталған басқаруды жүзеге асырушы лауазымға үміткерлер сайлау арқылы тек қазақтардан іріктеліп алынды.

Азия комитеті 1824 жылдың наурызында бекіткен жарғы Орта жүзді басқару жүйесіне қарағанда ішінара өзгерістерге ғана ұшырады. Кіші жүздің басқару жүйесі рулық жүйеге негізделді және бөлікті басқару сұлтан-басқарушыға берілді [2, 55-6.].

Сұлтан-билеушілер институтының ерекшелігі – Ресей империясының қазақ даласын басқару жүйесінде өзінің билігін жүргізу ретінде құрылғанында. Бастапқыда жергілікті қазақ ақсүйектерінен шекаралық жүйе бойынша билік институты ретінде болса, кейіннен әкімшілік шенеуніктермен тең дәрежеге дейін көтеріліп, атақ пен сыйлық алу үшін қызмет ете бастады.

Сұлтан-басқарушының билігі Ресей әкімшілігі тарапынан тағайындалған шенеуніктердің оларға деген ықыласы мен дұрыс қолдауына тәуелді болды. Қазақ даласында басқару жүйесіне байланысты енгізілген реформалардың әсерінен тек Шыңғыс ханның ұрпақтары ғана емес, кейіннен сұлтандардың да халық арасындағы ықпалы төмендеп, әлсіреді. Бұл халық арасында сұлтандарға бағынбайтын адамдар тобын қалыптастырғанмен, олардың билігіне қолдау білдіруші патша әскері тұрды [3, 129-6.].

Зерттеу мақсатына сай ҚР ОМА қорындағы тарихи құжаттардағы сұлтан-басқарушылардың қызметі, міндеті мен әкімшілік құрылымдарымен хат алмасулары туралы мәліметтерді қамти отырып, маңызды ақпараттарды ұсынамыз. Бұл архив қорындағы алынған мәліметтерде сұлтан-басқарушылардың қызметтік міндеті, материалдық жағдайы (жалақы, зейнетақы мөлшері), лауазымдық қызметіне байланысты берілген атақтарына қатысты деректер құрайды.

1824 жылы Кіші жүз аумағы Ішкі Орданы қоспаған 3 бөлікке бөлінді және олар рулардың орналасуы бойынша келесідей жіктелді: Арғын руы – Шығыс бөлікке; Жетіру – Орта бөлікке; Байұлы – Батыс бөлікке және Әлімұлы соңғы екі бөліктің шекарасында орналасты [4, 186-6.].

Ресей империясының әкімшілік-территориялық басқару жүйесінің енгізілуіне байланысты Кіші жүз аумағында басқару жүйесінің ең ұйымдасқан әрі ықпалды тұлғалары – сұлтан-басқарушылар болды. Олар ең ықпалды әлеуметтік топ ретінде қызметтік бабында үнемі жалақы алып отырды, ал зейнет жасына жеткенде әкімшілік оларға өмір бойы зейнетақы төлеп, Ресей империясының шенеуніктеріне айналды.

1824 жылы тек Кіші жүз аумағында басқарудың жаңа жүйесінің заңды түрде енгізілуіне байланысты хандық билік жойылып, оның орнына сұлтандардың билігі енгізілді. Енді көшпелі қазақ қоғамындағы ұзақ уақытқа созылған үдерістерде биліктің иесі сұлтандар болып танылып, заңмен бекітілді.

Кіші жүз аумағында заңды түрде жүргізілген «Орынбор қырғыздары туралы» Жарғы бойынша осы өлкенің басқару орталығы – Орынбор қаласына және оның әкімшілігіне қарады. Реформа бойынша бөлінген 3 бірліктің басында сұлтан-басқарушылар тұрды. Мұндай қызметке ауқатты әрі өз руының ішінде үлкен беделге ие сұлтандар сайланып отырды. Кіші жүз аумағында болған саяси басқарудың басындағы сұлтан-басқарушы лауазымы – 1824-1869 жж. аралығында болды.

3 бөлікке бөлінген әкімшілік бөліністің батыс бөлігін – Қаратай Нұралиев басқарды; орта бөлікті – Терім Ералиев басқарды; шығыс бөлікті – Жұма Құдаймендиев басқарды. Әрбір сұлтан-басқарушының Орда болды және олар казак станицалары мен бекініс маңында орналасты. Мысалы, батыс бөлік – Затон форпостында; шығыс бөлік – Изобильный станицасында; шығыс бөлік – Үсті үй бекінісінде орналасты [5, 14-6.].

Осылайша, билеуші топ өкілдері төре тұқымынан сайланып, оның басында қазақ даласына белгілі әулеттен шыққандар отырды. Алып жатқан аумағы ауқымды болып табылатын Орынбор өлкесін басқаруға әулеттік басшыларды тарту ісі қолға алынды. Бұл дегеніміз батыс пен орта бөліктің – Әбілхайыр әулетіне, ал шығыс бөліктің – Қайып ханның ұрпақтары арасында бөлінуінде. Ал олардың әулеттік билігінің қаншалықты ұзақ сақталғандығы биліктегі ұрпақтарының саяси биліктегі қызметіне байланысты еді.

Кіші жүзді тікелей бақылаушы Орынбор әкімшілігінде 1824-1869 жж. аралығында қызмет еткен сұлтан-басқарушылар саны – 16. Олардың көбісі XVIII ғасырда өмір сүрген Әбілхайырдың ұрпақтары еді. Билікке ие болған сұлтан-басқарушыларда биліктің символдары бекітілді және әрбіріне таратылып берілді. Олар:

- императорлық герб бейнеленген ту;
- алтын сапты қылыш;
- мөр;
- басқару бойынша арнайы нұсқаулық берілді.

Бұл сұлтан-билеушілердің қарапайым халық алдында беделін арттырып, ерекшелеп тұратын билік символдары еді. Сонымен қатар, әрбір шенеунікке мемлекеттік қызметті атқаруы туралы мәліметтер енгізілген формулярлық тізім берілді. Бұл құжат XIX ғасырда Ресей империясының басқару жүйесін өзгертуге байланысты қабылдаған реформалармен бірге қызметтік істерде енгізілді. Ол бойынша әрбір билеушінің қызметтік сатылардан өту кезеңдері, әлеуметтік құрамы, жасы, діні мен мүлктік жағдайы туралы мәліметтерді білуге болады [6].

Сұлтан-басқарушылар саяси билікпен айналысу барысында олардың жанына іс-қағаздарды жүргізіп отыруға қажетті көмекші мен хатшы берілді. Сонымен қатар, хат байланысын жеткізуші шабармен берілді. Ал әр бөліктегі тәртіпті сақтаушы әрі сұлтан-басқарушыны қорғап жүру үшін әкімшіліктен 100 казак әскері бөлінді.

Басқарушы әкімшілік билік қазақ даласына патшалықтың саясатын қолдаушы әрі жүзеге асырушы сұлтан-басқарушылар туралы көптеген мәліметтерді жинақтап, зерттеп отырды.

Зерттеуші Г.К. Ерменбаеваның зерттеулерінде формулярлық тізім туралы қызықты деректер келтіріледі. Ғалымның сипаттауы бойынша формулярлық тізім – жеке сипаттағы мәліметтер жинақталған жеке іс. Онда жеке тұлғаның, әсіресе сұлтандарға қатысты барлық мәліметтер: отбасы, әкімшілік қызмет атқарудағы жинаған іс-тәжірибесі, алған сыйлық-марапаттары т.б. жинақталды [7, 216-6.].

Әрбір бөліктің сұлтан-басқарушылары жоғарыда көрсетілген билік символдарына – мундирді жатқызуға болады. Бұл ең алдымен кіші жүздегі билеушілерге берілген құқық еді. Бұл бастаманы алғаш ұсынған шығыс бөліктің сұлтан-басқарушысы Ахмет Жантөрин болды. 1841 жылы басқарушы болып тағайындалған кезінде алғашқылардың бірі болып Орынбор әкімшілігіне мундир (әскери сыртқы киім) кию туралы ұсынысын жолдап, шекара комиссиясының басшысы Г.Ф. Генспен кездесу кезінде жоғарыдағы ұсынысын жеткізді. Бұл оқиғадан кейін қалған екі бөліктің сұлтан-басқарушылары да осы бастаманы қолдады.

А. Жантөриннің ұсынысы бойынша М.В. Ладыженский 1846 жылы Азия департаментіне Г.Ф. Генс дайындаған мундир суретін ұсынды. Осы оқиғаға байланысты генерал-майор Ладыжинский қазақ сұлтандарына арналған киім үлгісін ұсынады. Бұл ұсыным хаты Ресей мемлекеттік тарихи архивінің 1291-қорында сақталған. Ұсыным-хатта қазақ сұлтандарының ішінде ең алғаш болып Бөкей Орда ханы Жәңгір хан киген мундирді қалған үш бөліктің сұлтан-басқарушыларына да билік символы ретінде енгізу ұсынылған. Қазақтарды еуропалық мәдениетпен жақындастыруға, сонымен қатар бұл киімді кию олар үшін басқалардан ерекшелеп тұратындай болса, қызмет етуі кезінде адалдық танытанын анық. Г. Генске берген тапсырмасында қазақ сұлтандары үшін ыңғайлы етіп, тіпті олардың да ұсыныстары мен талғамдарын ескеру керектігін жеткізеді. Осы жағдайдан кейін қазақ сұлтандарының билік символы ретінде мундер енгізілді [8, 108-6.].

Ресей мемлекеттік тарихи архиві қорында қазақ сұлтандарының мундирі сақталған. Ерлер киімі черкеск үлгісінде ұзындығы тізеге дейін, ал жеңі қысқа.

1) Қызыл түсті штаб-офицерінің шеру кезінде киетін сыртқы киімі. Сипаттамасы: ені – 1 м, ұзындығы тізеге дейін созылған. Иығында арнайы сәнделген белгі болды.

2) Көк түсті мундир немесе вице-мундир. Сыртқы бедерленуі күміспен қапталған.

Мундирді тігуде қолданылған маталарға шұға, барқыт жатқызылады. Ал олардың түстері қызыл, көк, жасыл, күлгін т.б. болды. Тек сыртқы безендіруіне ғана алтын немесе күмістен ою-өрнектер салынды. Басына құндыз немесе кәмшат терісінен қырғыз қалпағы бар. Бас киімнің жиектері алтын немесе күміспен жиектелген. Бағалы тастармен әсемделген белдік байланды. Шені жоқ қазақ пен шенеунікті ажырату үшін кокард тағылды [9, 109-б.].

Әрбір сұлтан-басқарушыға арнайы қызметі туралы аттестат «төлқұжат» берілді, ол бойынша империяның кез-келген жерінде емін-еркін қозғалуға мүмкіндік алды. Олардың негізгі қызметі: әкімшілік, сот және саяси бағытта болды. Сонымен қатар, әрбір бөлікті басқарушы сұлтан-басқарушыға қағазға жазылып бекітілген міндеттері болды. Онда:

- Ресей патшасына адалдық;
- өзіне тиесілі бөліктегі қазақтарды бақылау;
- қазақтардың барлығына тең әділ болу, бөліктегі орын алуы мүмкін тәртіпсіздікті тоқтату, татуластыру;
- әрбір бөлікке қатаң тәртіп орнату;
- бөліктегі тұрғындар арасында «ерекше» билікке ие адамдардың болмауы;
- барымта мен ұрлықтың жолын кесу;
- дала арқылы өтетін сауда керуендерін қорғау, олардың тоналуына жол бермеу;
- Орынбор әкімшілігі тарапынан берілетін тапсырмаларды уақытында әрі үлкен ынтамен орындау;
- көтерілістердің болуының алдын алу, оны басып-жаншуға қатысу т.б. үкімет тарапынан берілген тапсырмаларды орындау жатқызылды [10, 46-б.].

Сұлтан-басқарушылардың әкімшілік-басқару қызметінде олардың атақ-марапаттарынан бөлек мемлекет оларға атқарған қызметіне қарай жалақы тағайындап отырды. Ол мемлекеттік қазына есебінен төленді. Архив деректерінде сұлтан-басқарушылардың еңбекақысына қатысты келесідей мәліметтер ұсынылады.

Сұлтан-басқарушыларға қызметіне байланысты 120 күміс рубль жалақы тағайындалды және жылына 60-тың төрттен біріндей ұн берілді. Оларға көмекші, іс-қағаздар жүргізуші қызметкерлер беріліп, олар халық есебінен жалақы алды.

Сұлтан-басқарушы әрі арнайы тапсырмаларды орындаушы сұлтан Жантөринге – 800 рубль қаржы бөлінді. Оның 533 рубль 34 тиыны – жалақасы, ал 266 рубль 66 тиын – тамағы үшін бөлінді [11, 1-п.].

Сұлтан-басқарушылар шекара комиссиясының бір бөлімі ретінде қазақ даласында билігін жүргізді. Олардың басты міндеті әкімшілік тарапынан берілген тапсырмаларды орындау еді. Сұлтан-басқарушыларға шекара комиссиясынан жіберілетін тапсырмалар қағазға жазылып, жіберіліп отырды. Бұндай кіріс хаттарының саны тек бір ғана бөліктің өзіне жылына 3000 хат келіп түсіп отырды, ал сұлтан-басқарушының іс-қағаздар жүргізу кеңсесі олардың қабылдап, орындау бойынша үлкен қиындықтар туындап отырды. Келген хаттардың көбісі далада іздеу жұмыстарымен байланысты еді.

1-кесте. Сұлтан-басқарушылардың іс-қағаздар жүргізу кеңсесіне келіп түсетін істер саны [4, 202-б.].

Көрсеткіштер	Шығыс бөлік	Орта бөлік	Батыс бөлік	Барлығы
1849 ж. бойынша қарастырылмаған істер	260	2383	430	3073
1849 ж. бойынша түскен істер	234	241	291	766
1849 ж. бойынша шешілген мәселелер	146	58	218	422
1850 ж. 1 қаңтарына қалдырылған істер	318	2566	503	3417

1-кестеге сілтеме бере отырып, 1850 жылдың өзіне 3500 іс қалдырылып отырған. Бұл қазақ даласындағы сұлтан-басқарушылардың кәсіби билігіне қатысты үлкен жауапкершіліктің жүктелгендігін білуге болады.

Әскери білім берудің беделі қазақ ортасында бұлжытпай төмендеді. XIX ғасырдың соңғы ширегінде әскери училищені қазақ жастары ғана таңдады. Әскери А. Сейдалиннің ұлы Жиганшах Сейдалин Орынбор кадет корпусында 2 жыл оқыды. Содан кейін ол жергілікті гимназияға ауысты. XIX ғасырдың соңында әскери қызметте болған балалар Азаматтық оқу орындарын таңдады. Мысалы, З. Нұралихановтың ұлы азаматтық гимназияда оқыған.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ жастарының бұл шешімі бірқатар жағдайларға байланысты болғаны анық. Біріншіден, қазақтар дәстүрлі түрде әскерге шақырылмады, сондықтан мансаптық өсу мүмкіндігінен айырылды; екіншіден, XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақтар азаматтық училищелерде, мысалы, мұғалімдер семинариялары, гимназиялар, техникалық фельдшерлік мектептер және басқа да оқу орындарында оқуға мүмкіндік алды; үшіншіден, осы училищелерді бітіргеннен кейін қазақ мамандары әртүрлі салаларда өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру құқығына ие болды.

ҚР ОМА қорында зейнетке шыққан сұлтан-басқарушыларға өмірлік зейнетақы тағайындау туралы деректер кездеседі. Патша үкіметі олардың атқарған қызметі, әскери шендеріне қарай қазына есебінен зейнетақы тағайындап отырды. Олардың ішінде Мұхамеджан Жантөринге жылына 1176 рубль көлемінде зейнетақы тағайындалған [12, 1-п.]. Ал қырық үш жыл қызмет еткен Т. Сейдалинге жылына – 285 рубль 90 тиын мөлшерінде зейнетақы белгіленді [12, 2-п.]. Бірақ, деректерде сұлтанға зейнетақы төлеуде біршама рет қиындықтар болып, кейіннен Торғай уезінің бастығы К. Молчановтың өтінішімен оған сұлтан-басқарушыларға лайықты зейнетақы белгіленіп, 1200 рубль көлемінде тағайындалды. Дәл осындай мәліметтер Орта бөліктің сұлтан-басқарушысы болған М. Баймұхамедов те 1855 жылдың 15 қарашасынан бастап 1869 жылдың 1-қаңтарына дейінгі ұзақ жылғы қызметі барысында лауазымынан алынып, өмір бойы зейнетақы тағайындалып, генерал-майор әскери дәрежесін алады [13, 373-б.].

Кіші жүзге сайланған сұлтан-басқарушыларға жүктелген міндеттерге тоқталып өтсек:

- әрбір басқарушы сұлтан өзіне бағынатын халықтың арасында тәртіпті сақтау;
- жоғары әкімшілік иелеріне бағыну;
- жыл сайын өзіне тиесілі аумақ бойынша салық жинау тапсырылды [4, 192-б.].

Сұлтан-басқарушылардың билік ету кезеңінде олардың орнын сұлтан титулын иеленбеген адамдар ауыстыра алмады. Себебі, Кіші жүз аумағындағы бөлікті бөлу және басқару бойынша билік келесідей болып ажыратады. Батыс және Орта бөлікті – Әбілхайыр ханның ұрпақтары ешқандай өзгіріссіз басқарды. Ал Шығыс бөлікті – Қайып ханның ұрпақтары арасында бөлінді.

Кіші жүз аумағында билік жүргізуші сұлтан-басқарушылардың қызметін үш жағдаймен сипатталды. Олар:

Біріншіден, көп жағдайда сұлтан-басқарушылар тек Әбілхайыр ханның ұрпақтарынан ғана тағайындалып отырды.

Екіншіден, сұлтан-билеушілер өздерінің билігін үнемі сақтап қалуға тырысты. Ол үшін шекаралық комиссияның қолдауына сүйенді. Сондай-ақ, әрбір билеушіні қорғауша 100-200 әскери күші болды, ол сұлтан-билеушілерді кез-келген сапарлар кезінде алып жүруге міндетті болды. Олардың Ордасы дала шетінде емес, шекараға жақын жерлерде орналасты.

Сұлтан-басқарушылардың жанына арнайы жасақ ертіп жүруі үлкен қажеттіліктен туындады. Архив деректерінде майор Добрыниннің Жантөре Жангереевтің өзімен бірге 200-ге жуық әскерді ұстап жүруі оған бағынбаған қырғыздар (қазақтарды) тарапынан туындаған қауіптің алдын алу үшін пайдаланған [12, 1-п.].

Бұл келтірілген деректен дәстүрлі қазақ қоғамындағы қарапайым адамдар тарапынан сұлтан-басқарушыларға деген теріс көзқарастың болғандығын білуге болады. Оларды үнемі

халықты қанаушы, пара алып, тонаушылықпен айналысушы ретінде көрді. Бұл сұлтан-басқарушыларға деген сенімсіздіктен туындаған көзқарас көбінесе орыс зерттеушілерінің еңбектерінде көрініс тапты. Бірақ, халқы үшін адал қызмет етіп, өзінің тектілігін көрсете білген басқарушылар да болды. Сөйте тұра халық арасында оларды тек империялық биліктің қызметкері ретінде ғана көрді. Өзінің жеке қасиеттерімен, ақылы мен қабілетіне қарамастак басқарушы топтың айтқанын істеуге мәжбүр болды, соның салдарының халық арасындағы беделі мен сенімінен де айырылып жатты.

Үшіншіден, патша үкіметінің тапсырмаларын бұлжытпай орындаушы бөлім қызметін атқарды. Ол елдегі паракорлық, қызмет бабын асыра пайдалану, негізсіз алым-салықтар мен халыққа зорлық көрсетумен сипатталды. Бірақ мұндай негізсіз әрекеттер халық пен сұлтан-басқарушы арасындағы байланыста теңсіздікке алып келіп, көбіне біріншісінің Ордадан алыстап, билігіне бағынудан бас тартуынан көрінді [14, 287-б.].

Сұлтан-басқарушылардың көмекшілері де сұлтандар қатарынан сайланды және оларға да шекаралық комиссия тарапынан орындауға тиісті міндеттерді жүктеп отырды. Осылайша, Кіші жүз аумағындағы бұрынғы «хандық» билік жойылып, оның орнына патша әкімшілігінің белгілеуі бойынша сұлтан-басқарушылардың қолына берілген билік жүйесі қалыптасты. 1824 жылғы жарғының билік жүйесін өзгертуге байланысты қабылдаған шешімдері қазақ даласында бұрыннан келе жатқан билеуші әулеттер арасында ғана бөліске түсті.

Сұлтан-басқарушылар институтының қалыптасуы Ресей империясының шекаралық аймақтарды басқаруда қолданған әкімшілік-аумақтық реформаларымен тығыз байланысты болды. Патша үкіметі дәстүрлі билік иелері саналатын қазақ ақсүйектерін мемлекеттік басқару жүйесіне тарта отырып, олардың әлеуметтік беделі мен ықпалын отарлық мүдделерге қызмет еткізуге ұмтылды. Осы мақсатта сұлтандарға әкімшілік өкілеттіктер беріліп, олар империялық басқару құрылымының буындарына айналдырылды. Сұлтан-басқарушылардың қызметі әкімшілік, сот және саяси функцияларды қамтып, оларды жергілікті халық пен империялық билік арасындағы дәнекер күшке айналдырды.

Қазақ даласында сұлтан-басқарушылар институтын енгізу бойынша бірнеше кезеңдерге бөлініп, өзіндік ерекшеліктерге ие болды. Олар:

1-кезең: 1824-1834 жж. Бұл кезеңде сұлтан-басқарушылардың қызметіне байланысты жиі орындарын ауыстырумен байқалады (қызмет ету уақыты аз мерзімді қамтыды). Әкімшілік тарапынан берілген мәліметтерде мұның бірнеше себептері көрсетілген:

- сұлтан-басқарушылардың «тапшылығы»;
- қазақ қоғамында сұлтан-басқарушылардың қызмет ету барысындағы әрекетсіздігі;
- әкімшілік тарапынан берілген тапсырмаларды «иелемеуі». Аталған себептер әсіресе,

Орта бөліктің сұлтан-басқарушыларының арасында жиі байқалады. Мысал ретінде келесі билеушілердің қызметінде аз уақыт ғана басқарғанынан көруге болады. Тек ғана 1824 жылдан 1826 жылға дейінгі уақыт аралығында 1 жыл ғана билік еткен сұлтан-басқарушылар: Темір Ералиев, Мати Мұхамедғалиев; 2 жыл қызмет еткен сұлтан-басқарушы – Медетғали Тұрдалиев [11, 1-п.]. Бұл сұлтан-басқарушылардың қызметтік уақытының аздығын келесі мүмкін жағдайлармен түсіндіруге болады:

- сұлтан-басқарушыларға берілген лауазымдық қызметтегі рөлін түсінбеуі;
- Патшалық Ресей тарапынан енгізілген өзгерістерге қарсылық.

Сонымен қатар, сұлтан-басқарушы Шыңғыс Ұрмановтың Кіші жүз сұлтаны Қайыпқали Есімұлының көтерілісіне қатысып, қолдау білдіргені үшін Уфаға жер аударылуы секілді жағдайлары тіркелді.

*Қайыпқали Есімұлы – XIX ғ. 30-жылдары Кіші жүздің көптеген руларына билігін жүргізген, Хиуа ханымен тікелей байланыста болған сұлтан.

2-кезең. XIX ғ. 30-60-жылдар аралығында. Бұл кезеңде билеушілердің қызмет ету және басқару уақытында өзгерістер байқалады. Жағдай тұрақталып, басқарудың мерзімі ең азы 10

жылдан ең көбі – 20 жылға дейінгі уақытты қамтыды. Олардың ішінде батыс бөліктің сұлтан-басқарушысы Баймұхамед Айшуақұлы – 17 жыл; Мұхаметқали Тәукин – 20 жыл. Бұл кезеңде сұлтан-басқарушылардың билік ету кезеңіндегі тұрақтылық ең алдымен әкімшілік тарапынан қойылатын талаптарды түсінетін адамдардың сайлануымен байланысты болды. олардың көбі әскери мектептерден білім алып шықты (М. Тәукин, А. Сейдалин); көбісінің басқару қызметінде тәжірибесі мол болды (М. Жантөрин). Тәжірибе жинақтауда олар ең алдымен сұлтан-басқарушының көмекшісі қызметін атқарып ғана барып, билікті иеленді.

Сұлтан-басқарушылардың көмекшісі – сұлтандардан сайланды. Бұл шекара комиссиясының тарапынан берілген нұсқаулық бойынша жүзеге асырылды және оның көмекшісінің де белгілі бір міндеттері бар еді. Олар:

- сұлтан-басқарушының берген тапсырмаларынан бөлек, шекара комиссиясының берген тапсырмаларын орындау;
- Бөліктегі ішкі тәртіпті, ордалықтар арасындағы қақтығыстардың алдын алу, тоқтату;
- ел арасында «тәртіп бұзғандарды» жақын шекаралық басқармаға жеткізу;
- ордадағы ұзақ бұзақылық бойынша жұмыстарды өзі, ал ірі істер бойынша шекара комиссиясына хабарлау [4, 223-б.].

ҚР ОМА қорында билік еткен сұлтан-басқарушыларға қатысты мәліметтер сақталған. Олардың ішінде М. Тәукин, Б. Айшуақов, А. Жантөрин т.б. болды.

Мұхамедқали Тәукин (1813-1894) – Кіші жүз сұлтаны. 1831 жылы Неплюев атындағы әскери училищені тәмамдаған [15, 285-б.]. Кіші жүз аумағындағы батыс бөліктің сұлтан-басқарушысы қызметін жиырма жыл бойы адал әрі құзіретті басқарушы ретінде үлкен беделді иеленді. Экономика, тарих және мәдениет саласында үлкен білімді меңгергені [16, 51-б.] туралы зерттеуші И.В. Ерофееваның орынборлық архив құжаттары негізінде жазылған еңбегінде көрсетілген.

Қызметі барысында бірнеше рет наградталған:

- 1839 жыл 25 қаңтар: И. Тайманұлы бастаған көтерілісті басуға көмектескені үшін мойынға тағылатын «Анна» лентасында алтын жұлдызбен марапатталды;
- 1840 жыл 28 қазан: Хиуа экспедициясына қатысқаны үшін Жүздік шенімен марапатталды;
- 1842 жыл 31 тамыз: Бұхардағы орыс миссиясына қатысқаны үшін мойынға тағылатын «Анна» лентасында алтын жұлдызбен марапатталды;
- 1860 жылы 13 тамыз: II Александр патшаның бұйрығымен полковник шенімен марапатталды. 1866 жылы науқастанып, қызметінен алынды. Оның қызметіне берілген анықтамада қазақ даласындағы жергілікті басқару жүйесінде үздіксіз қызмет еткендігі сипатталады. Ал зерттеуші Ж. Қасымбаевтың зерттеулерінде алғаш рет өмірі мен қызметіне жан-жақты баға берілген тұлға – сұлтан Баймұхамед Айшуақов еді. Зерттеуші оны екі тұрғыдан қарастыра отырып, тарихи шындық жағынан баға берді. Біріншісі, оның өз халқының қажеттілігі үшін қызметін патшалық Ресейдің шенеунігі бола тұра жасай алуында; екіншіден, әкімшілік басқару жүйесінің шенеунігі ретінде [17, 96-б.].

Сұлтан-басқарушы Б. Айшуақов 1831 жылы қыркүйек айының 1-де патша үкіметіне адал қызметі үшін батыс бөліктегі билікті иеленді. Оған, жоғарыда көрсетілгендей биліктің нышан-белгілері: императорлық елтаңба бар ту, Алтын қылыш, қызметтік нұсқаулық табысталды. Сұлтан-басқарушыға 1 200 рубль ақшалай жалақы, 60-тың 4/1-не тең ұн және басқалардан ерекшелігі Орынбор әкімшілігіне сапарлар жасаған кезінде азық-түлікке 50 тиын берілді [12, 2-п.].

Б. Айшуақов сұлтан-басқарушы қызметін атқарған кезеңде патша үкіметінің жергілікті жердегі негізгі сенімді тірегіне айналды. Орда аумағындағы орын алған толқулар мен көтерілістерді басып-жаншуға және алдын алу іс-шараларын ұйымдастырудың басында болды. патша үкіметінің алдында атқарған адал қызметі мен құзыретінің арқасында бірнеше мәрте үлкен марапатқа ие болды. оның ішінде патшаның өз қолынан алған марапаттары да

болды. Олардың ішінде Орынбор әкімшілігі тарапынан тағайындалған алтын сақина, Александр лентасына тағылған алтын медаль болды.

1847 жылы оны І Николайдың өзі әскери атақ – генерал-майор шенін тағайындау үшін астанаға шақыртып, арнайы түрде табыстады.

Баймұхамед Айшуақов әскери атақты иелену жолында қысқа уақытта үлкен жетістіктерге ие болды. 1836 жылы «әскери старшина», 1840 жылы «полковник» шенін иеленді.

Баймұхамед Айшуақов – 1830-1847 жж. батыс бөліктің сұлтан-басқарушысы қызметін 17 жыл бойы адал атқарды. Ол көптеген танымал тұлғалармен кең хат алмасып, өзіне қарайтын рулардың білім деңгейін көтеруге бар күш-жігерін жұмсады. Жалпы, Баймұхамед Айшуақовтың қызметі кезінде Кіші жүз аумағында жағдай тынышталып, тіпті оның замандастарының арасында үлкен беделге ие болғандығы жазылады. Ол сұлтан-басқарушы қызметке келмес бұрын бұл жолдың барлық белестерінен өтті. 1841 жылға дейін әкесіне көмектесіп, батыс бөліктегі саяси басқаруға араласып отырды.

1855 жылы Б. Айшуақовты Орынбор шекара комиссиясының төрағасы В.В. Григорьев орта бөліктің сұлтан-басқарушысы қызметін тағайындау туралы ұсынысын жолдай отырып, оған «іс жүргізу тәртібін біледі», «барлық тапсырманы уақытылы орындайды», «ақылды басқарушы» деген мінездемелерін жолдайды [12, 1-п.].

Баймұхамед Айшуақов замандастары арасында саяси биліктің тамаша қайраткері бола білді. Өзінің ұзақ уақыт бойы жинақтаған тәжірибесінің арқасында астаналық шенеуніктердің де арасында беделі артты. Сұлтан-басқарушы қызметіне тағайындалған кезде подполковник шені мен он төрт жылдық іс-жүргізу мен басқару саласында тәжірибесі болды [18, 651-б.].

Қазақ даласында орын алған саяси шиеленісті жағдайлардың барлығының оңды шешім табуы Б. Айшуақовтың қызметімен байланысты болды. Ол қазақтар арасында тұтқында болған казактарды тұтқыннан босатып, орыс әкімшілігіне қарайтын шекара бойындағы дистанцияларға жасалған жорықтарға қатысқан қазақтарды тұтқындап, барымта мәселесіндегі кикілжіңдерде оңды шешімін табуына қатысты мәселелерді сұлтан-басқарушының беделі арта түсті.

Орынбор шекара комиссиясы мен генерал-губернаторының әкімшілігі оны сенімді адам ретінде оған жүктелген тапсырмалардың орындаудағы құлшынысына сенім артып отырды. Нәтижесінде алтын мөрге ие болды [12, 123-п.].

*Мұхамеджан Баймұхамедов – Орта бөліктің сұлтан-басқарушысы (1855-1869). Оның әкесі Баймұхамед Айшуақов та 1837-1847 жж. орта бөліктің сұлтан-басқарушысы болған. Әкелі-балалы сұлтан-басқарушылар империяға деген адал қызметінің арқасында генерал-майор шеніне дейін көтеріліп, империя құрамындағы ақсүйектер тобына қосылды. Бұл қазақ даласы мен Ресей империясында үлкен артықшылыққа алып келді [19, 122-б.].

Орынбор шекара комиссиясы В.В. Григорьев орта бөліктегі сұлтан-басқарушы қызметіне М. Баймұхамедовты үміткер ретінде ұсынып, оған жақсы мінездеме береді: «тапсырманы уақытында орындай алады», «ақылды, іскер, қабілетті». Ол орта бөліктегі сұлтан-басқарушы қызметіне тағайындалған кезінде «подполковник» шеніне ие болды және 1855 жылдың 15 қарашасынан 1869 жылдың 1-қаңтарына дейін билікте болды. Ал 1869 жылы генерал-майор шенін алып, өмір бойы зейнетақы тағайындалды [19, 124-б.].

Жалпы, XIX ғасырдың ортасында әкесі немесе жақыны қызметте болғандардың да туыстары немесе балалары қызметке тартыла бастады. Бұл өз кезегінде қазақ қоғамында өмір сүруші адамдарға қарағанда оларға ерекше артықшылықтың берілуімен түсіндіріледі. Сол себепті де олар басқа қарапайым адамдарға қарағанда білім алып, әскери шенді иелену жолына түсті.

Қазақ сұлтандары арасында Ресей қалаларында білім алып, әскери шен иеленіп және орыс тілін жақсы меңгеруі жағынан артықшылыққа ие болған сұлтандар да болды. Олардың қатарына (А. Жантөрин, М. Баймұхамедов, М. Тәукин, А. Сейдалин т.б.) болды. Олар әскери кадет корпусарда білім алып, әкімшілік-басқарушылық қызметтермен айналысты, тілмаш және әскери қызметтерді де атқаруда қажетті болды.

1825 жылдан 1866 жылға дейінгі кезеңде Орынбор кадет корпусынан білім алғандар туралы мәліметтерде келесідей сандық көркеткіштерді аңғаруға болады. Жалпы саны – 37. Оның ішінде: 21 – сұлтандардың балалары; 2 – бидің балалары; 14 – старшындарға тиесілі [13, 120-б.].

Кіші жүздегі реформаның қабылдануына байланысты саяси билікті иеленушілер Әбілхайыр мен оның қарсыласы Хиуа ханы Қайыптың ұрпақтары арасында бөліске түсті. Қайыптың ұрпақтары ішінде Орынбор әкімшілігінде лауазымды қызмет атқарған сұлтан Ахмет Жантөриннің қызметі мен патша үкіметінің реформаларының енгізілуіндегі қазақ қоғамының дамуына қосқан үлесі ерекше.

*Ахмет Жантөрин (1840-1851) – Шығыс бөліктің сұлтан-басқарушысы. Оның билігі кезінде сұлтан-басқарушылар мундир кие бастады.

Сұлтан-басқарушы қызметінде болған тұлғалардың әскери шеніне қатысты мәліметтерде келесідей қызықты деректер кездеседі. Олар әскери старшина шенінен бастап, генерал-майор шеніне дейін қызмет атқарған.

- әскери старшина (Мұхамед Жантөрин);
- подполковник (Арслан Жантөрин);
- полковник (Мұхаммедғали Тәукин);
- генерал-майор (Баймұхамед Айшуақов, Мұхамеджан Айшуақов).

Жалпы, XIX ғасырда қазақ қоғамында ақсүйектердің ерекше атақтар алуының бір жолы – Ресейдің әскери мектептерінен білім алуы еді. Бұл сол кезеңде қазақ ақсүйектері арасында ерекше таптың қалыптасуына алып келді. Орынбор қаласында дала ақсүйектері мен олардың балаларының әскери білім алуына мүмкіндік жасалып, Азиялық бөлім ашылды [20, 190-б.].

XIX ғасырдың 40-50 жж. жарғыға енгізілген құқықтық өзгерістерге байланысты сұлтандарға берілетін офицерлік атақтар да үкіметке сіңірген ерекше еңбегіне байланысты болды және мұрагерлік құқық берілді.

Кіші жүзде сұлтан-басқарушылар қызметін бастаған кезде оларға майор атағы берілді. Осы қызметті үш рет қызмет атқарған басқарушы империяның аса тектілігі бойынша арнайы диплом алды. Орынбор әкімшілігіне қарайтын сұлтан-басқарушылардың ішінде Ресей әкімшілігінің ақсүйектері құрамына енген сұлтандардың ішінде батыс бөліктен – Баймұхамед Айшуақов, орта бөліктен – Мұхамеджан Баймұхамедов және батыс бөліктен – Мұхаммедғали-Тәукин болды [21, 39-б.].

Қазақ сұлтандарының лауазым мен атақтарды иеленуіне байланысты ҚР ОМА қорында 4-қорда көптеген маңызды ақпараттар сақталған. Түркі халықтарына жататын қазақ сұлтандары Ресей империясының әкімшілік реформаларын енгізуге байланысты көптеген әскери атақтарды иеленуге құқылы болды. Оларға қазақ даласы мен патша үкіметінің иелік ету аймақтарында белгілі бір тапсырмалар мен өзіне жүктелген міндеттерді орындау барысында ерекше қызметі үшін әскери атақтар берілді және ол ерекше жағдайларда көтеріліп отырды. Қазақ сұлтандары арасында әскери атақтардың келесідей түрлері болды:

- прапорщик;
- майор;
- полковник;
- подполковник;
- хорунджи;
- жүзбасы [22, 124-б.].

«Орынбор қырғыздары туралы» Жарғыда сұлтан-басқарушы лауазымын иеленгендерге майор атағы берілді және бұл сатылы түрде өсуге мүмкіндік жасалды. Атақ-дәрежесі жоғарылаған сайын оның жалақысы мен әлеуметтік дәрежесі де жоғарылап отырды.

Архив құжаттарында сұлтан-басқарушыларға берілген атақтар олардың империядағы жоғарғы топ өкілдерінің қатарына ену, яғни дворян қатарын қосылуына қатысты мәліметтер

кездеседі. Берілген шендер олардың адал қызметі мен белсенділігіне байланысты болды. Қазақ сұлтан-басқарушылары майор шенінен бастап подполковник, полковник және генерал-майор шеніне дейін сатылы түрде көтеріле алды. Мұндай дәрежені иеленіп, Ресей империясының ақсүйектер тобына кірген әкелі-балалы батыс бөліктің сұлтан-басқарушысы Баймұхамед Айшуақов пен орта бөліктің сұлтан-басқарушысы Мұхаметжан Баймұхамедов генерал-майор шеніне дейін жетті [12, 2-п.].

Жарғы бойынша берілетін атақ пен шеннің өзіндік талаптары болды және соған сәйкес жүргізіліп отырды. Әсіресе, ерекше көзге түскен шынғыс тұқымдары әскери атақтар мен құқығы жағынан артықшылық пен мүліктің баршылықты иеленіп отырды [23, 191-б.].

Әскери атақтар олардың адал қызметі, жақсы мінез-құлқы және еңбекқорлығы секілді сапалық қасиеттерді меңгеру кезінде сатылы түрде өсіп отырды. Ал лауазымды тұлғалардың қызметі мен адалдығы үшін берілетін атақ пен марапаттан бөлек оларға ынталандыру шаралары да жасалып отырды. Оның бірнеше түрлері болды:

- адал қызметі үшін оны жыл сайын төленетен салықтан заңды түрде босату;
- елдегі тыныштық пен патша үкіметінің саясатын тиімді жүргізгендегі еңбегі үшін ақшалай сыйақы тағайындау;
- ордендер мен марапаттарға ұсыну;
- сыйға жер телімдерін беру. Бұл патша үкіметіне адал қызмет етуші сұлтандар санын арттыру мен өздерінің ықпалына алуда пайдаланылды.

Кіші жүз аумағында жүргізілген реформа барысында үш бөліктің сұлтан-басқарушысы болған тұлғалар бойынша мәліметтер жинақталып, тізімі жасалды. ҚР ОМА қорындағы деректерде 1824-1869 жж. сұлтан-басқарушы қызметін атқарғандар туралы толық мәлімет төмендегі кестеде көрсетілген.

2-кесте. Сұлтан-басқарушылар туралы мәліметтер [24, 6-14-пп.].

Бөлік	Сұлтан-басқарушының аты-жөні	Билік еткен жылдары	Қосымша мәліметтер
Батыс бөлік	Қаратай Нұралиев	1824 жыл 1 тамыз – 1826 жыл 8 маусым	Әбілхайыр ханның немересі, Нұралы ханның ұлы. Алмас тасымен көмкерілген алтын сақинамен марапатталды.
	Шынғали Ұрманов	1826 жылдың маусымынан 1830 жылдың қарашасына дейін	Әбілхайыр ханның шөбересі, Нұралы ханның немересі
	Баймұхамед Айшуақов	1830 жылдың 25 қарашасынан 1847 жылдың 30 наурызына дейін.	Әбілхайыр ханның немересі, Айшуақ ханның ұлы. Генерал-майор шенін иеленген.
Батыс бөлік	Мұхамедғали Тәукин	1847 жылдың сәуірі мен 1867 жылға дейі.	Сот кеңесшісі Тәукин сұлтанның ұлы, Айшуақ ханның немересі. Полковник шенін иеленген.
	Әлмұхамед Күнтөреевич Сейдалиев	1867-1869 жж.	Сейдалы сұлтанның немересі
Орта бөлік	Тәукин Темір Ералиев	1824 жылдың тамызы мен 1825 жылдың 12 тамызына дейін.	Әбілхайыр ханның немересі, Ералы ханның ұлы
	Медетғали Тұрдалиев	1826 жылдың маусымы мен 1828 жыл.	

	Мата Магометғалиев	1828 жылдан – 1829 жылдың желтоқсанына дейін	Әбілхайыр ханның шөбересі, Нұралы ханның немересі
	Жүсіп Нұралиев	1829 жылдың 23 желтоқсанынан 1841 жылдың 12 маусымына дейін	Нұралы ханның ұлы
	Арслан Жантөрин	1841 жылдың 12 маусымынан 1855 жылдың 8 маусымына дейін	Әбілхайыр хан әулетінен, Жантөре ханның ұлы
	Магимеджан Баймұхамедов	1855 жылдың 15 қарашасынан – 1869 жылдың 1 қаңтарына дейін	Әбілхайыр ханның шөбересі, Айшуақ ханның немересі, генерал-майор шенін иеленді.
Шығыс бөлік	Жұма Құдаймендиев	1824 жылдың тамызы мен 1830 жылға дейін	Қайып ханның туысқаны
	Жантөре Джигангероев	1830 жылдан 1835 жылға дейін	Қайып ханның немересі
	Шотай Бақтыгереев	1835 жылдан 1841 жылға дейін	Абылай ханның ұрпағы
	Ахмет Жантөрин	1841 жылдан 1851 жылға дейін	Қайып ханның шөбересі. Полковник шенін иеленді
	Мағамет Жантөрин	1851 жылдың 2 тамызынан 1869 жылға дейін.	Қайып ханның шөбересі. Полковник шенін иеленді.

2-кестедегі мәліметтерге сүйене отырып, олардың барлығы дерлік ақсүйектер (сұлтан) өкілінен шыққан. Ал сұлтандар тобына жатпайтындар бұл қызметті иелене алмады.

2-кестедегі мәліметтерді негізге ала отырып, Батыс пен Орта бөліктегі билік – Әбілхайыр әулетінен шыққандардың қолында болса, ал Шығыс бөлік – Қазақстанның оңтүстік өңірінде билігі сақталған Қайып ханның әулетіне тиесілі болды. Олар сонымен қатар, Ресей империясының жоғарғы дворяндық топ өкілдері болды. Билік жүйесін өзгертуге байланысты қабылданған реформалардың алғашқы кезеңінде сұлтан-басқарушылар жаңа биліктің саяси құрылымының негізін қалады.

Қазақ ақсүйектері Ресей империясының басқару саясатын жүргізудің негізгі тобын құрады. Олардың көшпелі қазақ қоғамында ата-бабаларынан келе жатқан тегі мен үстемдігі сақталып, ұрпақтарына беріліп отырды. Сұлтандар бұрыннан келе жатқан билігі мен мәртебесін сақтап қалу үшін патша үкіметі мен басқарушы әкімшілік органдарымен байланыста болды. XIX ғасырдың басынан бастап тегі жағынан белгілі ақсүйектер тобына жататын бірнеше тұлғалар ерекшеленді. Олар Сейдалиндер, Жантөриндер, Теміровтер, Нұралиевтер, Уәлихановтар, Таукиндер, Бабажановтар, Қаратаевтар т.б. тегі ұрпақтарына беріліп, әлеуметтік өмірде белсенділікке ие болды.

1824-1868 жылдар аралығындағы сұлтандардың басқару жүйесі тұтас кезеңнің негізгі оқиғаларын қамтыды. 1868 жылдан кейін сұлтан-басқарушылардың билігіне шектеу қойылып, енді басқару жүйесі жалпыресейлік басқаруға негізделіп, қайта жасақталды. Осылайша, Кіші жүз аумағындағы саяси билікті иеленуші сұлтан-басқарушылар институты аймақтағы империяның иелік ету мүддесін сақтап қалуда қызмет етті. Шекаралық шенділер тарапынан тағайындалған сұлтан-басқарушылардың билігі орталықтан басқарылып, үнемі бақылауда болды. Сұлтан-басқарушылар институтының қалыптасуы мен қызмет ету кезеңінде жағымды және жағымсыз жақтарының болғанына қарамастан, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуының маңызды кезеңін құрады.

Қорытынды. Зерттеу нәтижелері XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап Ресей империясының Қазақ даласында жүргізген отарлық басқару саясаты аясында сұлтан-басқарушылар институтының қалыптасуы мен қызмет етуі аймақтық саяси билік жүйесінің түбегейлі трансформациясына алып келгенін көрсетеді. Хандық биліктің жойылуы және оның орнына енгізілген әкімшілік басқару құрылымдары империялық мүдделерге негізделген жаңа басқару тетіктерін орнықтыруға бағытталды.

Сұлтан-басқарушылар институты дәстүрлі қазақ ақсүйектерін империялық басқару жүйесіне тартудың тиімді құралы ретінде пайдаланылды. Патша үкіметі сұлтандардың әлеуметтік беделі мен әулеттік ықпалын сақтай отырып, оларды шекаралық аймақтарда әкімшілік, сот және саяси міндеттерді орындауға жұмылдырды. Осы арқылы жергілікті басқару жүйесі орталық билікке тәуелді етіліп, отарлық бақылау күшейтілді.

Зерттеу барысында сұлтан-басқарушылардың құқықтық мәртебесі, әскери шендер беру тәртібі, материалдық қамтамасыз етілуі және әлеуметтік артықшылықтары олардың патша үкіметіне адалдығын нығайтуға бағытталғанын айқындады. Әскери атақтар мен марапаттау жүйесі сұлтандарды империялық дворяндық ортаға кіріктіру арқылы олардың басқару жүйесіндегі орны мен маңызын арттырды. Бұл үдеріс қазақ қоғамындағы әлеуметтік жіктелудің тереңдеуіне және дәстүрлі билік құрылымының өзгеруіне ықпал етті. Сонымен қатар, сұлтан-басқарушылар институтының қызметі жергілікті халық пен империялық әкімшілік арасындағы делдалдық функцияны атқарып, патша үкіметінің саяси-әкімшілік шешімдерін жүзеге асыруда маңызды рөл атқарды. Дегенмен, орталықтандырылған бақылау мен шектеулер сұлтан-басқарушылардың дербестігін айтарлықтай тежеп, олардың қызметін империялық мүдделерге тәуелді етті.

Қорытындылай келе, сұлтан-басқарушылар институты қайшылықты сипатқа ие бола отырып, бір жағынан, Ресей империясының Қазақ даласындағы отарлық билігін орнықтыруға қызмет етсе, екінші жағынан, қазақ мемлекеттілігінің дәстүрлі нысандарының ыдырауы мен жаңаша әкімшілік жүйенің қалыптасуына негіз қалады. Осы институттың қалыптасуы мен қызметін зерттеу XIX ғасырдағы қазақ қоғамындағы саяси, әлеуметтік және құқықтық өзгерістерді кешенді түрде түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ерофеева И.В. *Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX в. // Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования. – Фонд Сорос-Казахстан. – Алматы, 1997. – С. 46-144.*
2. Избасарова Г.Б. *Султаны-правители Средней части Младшего жуза (1824-1869). журнал Кииор. – Т. 3. №123. – СПб.: издательство Полторака, 2017. – С. 54-59.*
3. Галимов Е.А. *Понятие и особенности института султанов-правителей в Младшем жузе Казахстана // Евразийский Союз Ученых (ЕСУ). – №4 (13). – 2015. – С. 129-130.*
4. Зиманов С.З. *Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. – Алматы: Изд-во АН КазССР, 1960. – 294 с.*
5. Избасарова Г.Б. *Имперская власть и дебаты по определению границ земель казахов Оренбургского и Сибирского ведомств в I половине XIX века / Г.Б. Избасарова // Вестник Воронежского университета. Серия: История. Политология. Социология. – 2016. – №3. – С. 13-21.*
6. *Формулярные списки – основные документы учета чиновников Олонецкой губернии в XIX в. (на основе документов фонда «Олонецкое губернское правление») [Интернет сілтеме:] <http://www.rkna.ru> (Қаралған күні: 17.01.2024)*
7. Ерменбаева Г.К. *Формулярные списки султанов-правителей как источник по истории формирования казахского чиновничества // Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 550-летию Казахского ханства. Костанай, 2015. – С. 216-220.*
8. Избасарова Г.Б. *Политика Российской империи в Казахской степи в первой половине XIX в. // Вестн. Моск. Ун-та. Серия №8. История. – М., 2017. №2. – С. 50-63.*

9. Избасарова Г.Б. Мундиры для султанов-правителей: как в Российской империи внедрялась форменная одежда для кочевой элиты // *Родина: Российский иллюстрированный журнал*. – 2017. – №1. – С. 108-109.
10. *Материалы по введению русской политической системы управления в Казахстане* / Сост. С.К. Жакыпбек, А.А. Бельбаева. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 257 с.
11. ҚР ОМА. қ. 25. т. 2. іс. 258. п. 1.
12. ҚРОМА. қ. 4. т. 1. іс. 2745. п. 1-2.
13. *История Казахстана в русских источниках – в 10-и томах. – Т. VIII (О почетнейших и влиятельнейших ордынцах).* – Ч. II. Сост. Алимгазинов К.Ш. – Алматы: Дайк Пресс, 2006. – 716 с.
14. *Материалы по истории политического строя Казахстана* / Ред. Масевич М.Г. – Том 1. – Алма-Ата: Издательство Академии наук Казахской ССР, 1960. – 433 с.
15. *Родословная казахских ханов и кожа XVIII-XIX вв. (история, историография, источники)* / Ерофеева И.В., Сужиков Б.М. – Алматы: ТОО «Print-S», 2003. – 178 с.
16. Масанов Э.А. *Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР*. – Алматы: Алтын кітап, 2007. – 551 с.
17. Касымбаев Ж.К. *Генерал, Султан-правитель Баймухамед Айшуаков (1790-1847)*. – Алматы: Өлке, 2000. – 188 с.
18. Султангалиева Г.С. *Казахские чиновники Российской империи XIX в.: особенности восприятия власти* // *Sahiersdu Monde Russe*. – Vol. 56, 2015. – С. 651-680.
19. Султангалиева Г.С., Тулешова У.Ж. *Султаны Баймухамедовы: процесс вхождения в дворянство Российской империи* // *Вестник КазНУ: серия историческая*. – №1 (84). – 2017. – С. 120-128.
20. Васильев А.В. *Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное ее состояние*. – Оренбург, 1896. – 226 с.
21. ҚР ОМА. қ. 4. т. 1. іс. 2303, п. 34-53.
22. Бекмаханов Е.Б. *Казахстан В 20-40 гг. XIX века*. – Алма-Ата, 1992. – 400 с.
23. Масанов Н.Э., Абылхожин Ж.Б., Ерофеева И.В., Алексеенко А.Н., Баратова Г.С. *История Казахстана: народы и культуры*. – Алма-Ата: Дайк-Пресс, 2000. – 608 с.
24. ҚР ОМА. қ. 4. т. 4. іс. 300. П. 6-14.

References:

1. Erofeeva I.V. *Kazahskie hany i hanskie dinastii v XVIII – seredine XIX v. [Kazakh khans and Khan's dynasties in the XVIII – mid-XIX centuries]* // *Kul'tura i istoriya Central'noi Azii i Kazakhstana: problemy i perspektivy issledovaniya*. Almaty, 1997. S. 46-144. [in Russian]
2. Izbasarova G.B. *Sultany-praviteli Srednei chasti Mladshego zhuza (1824-1869) [Sultans-rulers of the Middle part of the Younger Zhuz (1824-1869)]* // *Zhurnal Klior*. T. 3. №123. SPb., 2017. S. 54-59. [in Russian]
3. Galimov E.A. *Ponyatie i osobennosti instituta sultanov-pravitelei v Mladshem zhuze Kazakhstana [The concept and features of the Institute of Ruling Sultans in the Junior College of Kazakhstan]* // *Evraskii Soyuz Uchenykh (ESU)*. 2025. №4 (13). S. 129-130. [in Russian]
4. Zimanov S.Z. *Politicheskii stroi Kazakhstana konca XVIII i pervoi poloviny XIX v. [The political system of Kazakhstan at the end of the XVIII and the first half of the XIX centuries]* Almaty, 1960. 294 s. [in Russian]
5. Izbasarova G.B. *Imperskaya vlast' i debaty po opredeleniyu granic zemel' kazahov Orenburgskogo i Sibirskogo vedomstv v I polovine XIX veka [Imperial power and the debate on defining the boundaries of the Kazakh lands of the Orenburg and Siberian departments in the first half of the 19th century]* // *Vestnik Voronezhskogo universiteta. Seriya: Istoriya. Politologiya. Sociologiya*. 2016. №3. С. 13-21. [in Russian]
6. *Formulyarnye spiski – osnovnye dokumenty ucheta chinovnikov Oloneckoi gubernii v XIX v. (na osnove dokumentov fonda «Oloneckoe gubernskoe pravlenie») [Form lists are the main accounting documents for officials of the Olonets province in the 19th century. (based on the*

documents of the foundation «Olonets provincial Government»)] [Internet silteme:] <http://www.rkna.ru> [in Russian]

7. Ermenbaeva G.K. Formulyarnye spiski sultanov-pravitelei kak istochnik po istorii formirovaniya kazahskogo chinovnichestva [Formulary lists of sultan rulers as a source on the history of the formation of the Kazakh bureaucracy] // Materialy mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferencii, posvyashchennoi 550-letiyu Kazahskogo hanstva. Kostanai, 2015. С. 216-220. [in Russian]

8. Izbasarova G.B. Politika Rossiiskoi imperii v Kazahskoi stepi v pervoi polovine XIX v. [The policy of the Russian Empire in the Kazakh Steppe in the first half of the 19th century.] // Vestn. Mosk. Un-ta. Seriya №8. Istoriya. M., 2017. №2. S. 50-63. [in Russian]

9. Izbasarova G.B. Mundiry dlya sultanov-pravitelej: kak v Rossiiskoi imperii vnedryalas' formennaya odezhda dlya kochevoi elity [Uniforms for the ruling sultans: how uniforms for the nomadic elite were introduced in the Russian Empire] // Rodina: Rossiiskii illyustrirovannyi zhurnal. 2017. №1. S. 108-109. [in Russian]

10. Materialy po vvedeniyu russkoi politicheskoy sistemy upravleniya v Kazahstane [Materials on the introduction of the Russian political management system in Kazakhstan] / Sost. S.K. Zhakypbek, A.A. Belbaeva. Almaty, 1999. 257 s. [in Russian]

11. KR OMA. k. 25. t. 2. is. 258. p. 1.

12. KR OMA. k. 4. t. 1. is. 2745. p. 1-2. [in Kazakh]

13. Istoriya Kazahstana v russkikh istochnikah – v 10-i tomah [The history of Kazakhstan in Russian sources – in 10 volumes] T. VIII (O pochetnejshih i vliyatel'neishih ordyncah). CH. II. Sost. Alimgazinov K.SH. Almaty, 2006. 716 s. [in Russian]

14. Materialy po istorii politicheskogo stroya Kazahstana [Materials on the history of the political system of Kazakhstan] / Red. Masevich M.G. T. 1. Alma-Ata, 1960. 433 s. [in Russian]

15. Rodoslovnaya kazahskikh hanov i kozha XVIII-XIX vv. (istoriya, istoriografiya, istochniki) [Pedigree of the Kazakh khans and leather of the XVIII-XIX centuries (history, historiography, sources)] / Erofeeva I.V., Suzhikov B.M. Almaty, 2003. 178 c. [in Russian]

16. Masanov E.A. Ocherk istorii etnograficheskogo izucheniya kazahskogo naroda v SSSR [An essay on the history of the ethnographic study of the Kazakh people in the USSR] Almaty, 2007. 551 s. [in Russian]

17. Kasymbaev Zh.K. General, Sultan-pravitel' Baimuhamed Aishuakov (1790-1847) [General, Sultan-ruler Baymukhamed Aishuakov (1790-1847)] Almaty, 2000. 188 s. [in Russian]

18. Sultangalieva G.S. Kazahskie chinovniki Rossiiskoi imperii XIX v.: osobennosti vospriyatiya vlasti [Kazakh officials of the Russian Empire of the 19th century: peculiarities of perception of power] // Sahiersdu Monde Russe. – Vol. 56, 2015. – S. 651-680. [in Russian]

19. Sultangalieva G.S., Tuleshova U.Zh. Sultany Baimuhamedovy: process vhozheniya v dvoryanstvo Rossiiskoi imperii [The Baymukhamedov Sultans: the process of joining the nobility of the Russian Empire] // Vestnik KazNU: seriya istoricheskaya. 2017. №1(84). S. 120-128. [in Russian]

20. Vasilev A.V. Istoricheskii ocherk russkogo obrazovaniya v Turgaiskoi oblasti i sovremennoe ee sostoyanie [A historical sketch of Russian education in the Turgai region and its current state]. Orenburg, 1896. 226 s. [in Russian]

21. KR OMA. k. 4. t. 1. is. 2303. p. 34-53. [in Kazakh]

22. Bekmahanov E.B. Kazahstan V 20-40 gg. XIX veka [Kazakhstan In the 20-40 years of the 19th century]. Alma-Ata, 1992. 400 s. [in Russian]

23. Masanov N.E., Abylhozhin Zh.B., Erofeeva I.V., Alekseenko A.N., Baratova G.S. Istoriya Kazahstana: narody i kul'tury [The history of Kazakhstan: peoples and cultures] Alma-Ata, 2000. 608 s. [in Russian]

24. KR OMA. k. 4. t. 4. is. 300. P. 6-14. [in Kazakh]

FTAXP / MPHTI / IRSTI: 21.15.69

ӘӨЖ / УДК / UDC 2:94(574)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.020>

Оржанова У.К. ¹, Торланбаева К. ², Мамбеталиев К.Р. ³*

¹тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы, ҚазМемҚызПУ, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: orzhanova.u@qyzpu.edu.kz
<https://orcid.org/0009-0009-7614-3669>

²тарих ғылымдарының докторы, зерттеу профессоры,
«Туран» университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: k.torlanbayeva@turana-edu.kz
<https://orcid.org/0000-0003-0343-8887>

³Әскери кафедрасының меңгерушісі, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы, Қазақстан,
e-mail: kuandyk1971@mail.ru
<https://orcid.org/0009-0009-7843-3328>

ЗОРАСТРИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРТА АЗИЯ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ ДӘСТҮРЛЕРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Мақалада ең көне діндердің бірі – зороастризмнің Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының тарихи және мәдени мұрасындағы маңызы қарастырылады. Маздеизмнің аймақтың автохтонды халқының одан да ежелгі наным-сенімдерімен сабақтастығы айқын параллельдер арқылы көрсетіледі.

Зороастризм культінің тек парсыларға ғана тиесілі екендігі жөніндегі пікірге күмән келтіріліп, оның бастау көздері қазақ этносының протопредктеріне айналған сақ тайпалары арасында қалыптасты деген тұжырыммен келісім білдіріледі. Діни ілімнің түркі халықтарының рухани мәдениетімен және діни көзқарастарымен тығыз байланысы негізделеді.

Қолданыстағы зерттеулерді жинақтау зороастризм канондарының кейінгі әлемдік діндердің бастапқы үлгілері болғандығын пайымдауға мүмкіндік береді. Әлемдік авестатанушылар «Авеста» мазмұнының тарихи шынайылығы мен даусыздығын мойындайды.

Осылайша, от культі тек зороастризмнің айрықша прерогативасы бола алмайды; ол сақ тайпаларының, сондай-ақ олардың ұрпақтары – түркілердің діни наным-сенімдерінде кеңінен қолданылған. Сонымен қатар, генетикалық гаплотоптар бойынша деректерді зерттеудің соңғы нәтижелері ежелгі Иран мен Тұран халқының этникалық жақындығын көрсетеді. Бұл жайт «Авеста» деректерінде айқын көрініс табады.

Зороастризм мен тәңіршілдіктегі от культі ежелгі ирандық және түркілік ортада кең таралған құбылыс болғанын көрсетеді. От культінің қалыптасуы сақ қоғамында басталып, кейін түркі тайпалары тарапынан игерілген. Мақалада ежелгі діндердің бірі – Орталық Азия мен Қазақстан халықтарының тарихи және мәдени мұрасындағы зороастризмнің маңызы қарастырылады. Маздеизмнің сабақтастығы аймақтың автохтонды тұрғындарының ежелгі наным-сенімдерімен айқын параллель.

Табынушылықтың тек парсыларға тиесілі екендігі даулы, қазақ этносының ата-бабаларына айналған сақ тайпалары арасында зороастризмнің пайда болуы туралы тезиске келісім беріледі. Діни ілімнің түркі халықтарының рухани мәдениетімен және діни көзқарастарымен тығыз байланысын негіздеу жүргізілуде.

Түйінді сөздер: Зороастризм, дін, Авеста, Орталық Азия, мәдени-тарихи дәстүрлер.